

**Ақмола облысы Астрахан ауданында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 19 мамырдағы № 8С-5-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 мамырда № 8569-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 8С-13-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 13.12.2023 № 8С-13-7 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақмола облысы Астрахан ауданында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелері-болу құнының 5 (бес) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан аудандық мәслихатының төрағасы*

*М. Қожахмет*